



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2017 ж. 19 маусым № 358
Павлодар қаласы

город Павлодар

**«Үздік колледж кітапханасы» аймақтық
конкурсын өткізу туралы**

Колледж кітапханасының заманауи моделін қалыптастыру және колледждер кітапханаларының жұмыскерлерінің кәсіби шеберлігін арттыруға ықпал ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Облыстық техниалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының кітапханалары арасында 2017 жылдың 30 маусым 11 шілде аралығында «Үздік колледж кітапханасы» аймақтық конкурс өткізілсін.

2. Бекітілсін:

1) аймақтық конкурс туралы ереже (1-қосымша).

3. Оқу-әдістемелік кабинеті конкурстың ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының жұмысына қатыссын, конкурс қорытындылары туралы ақпаратты облыс білім беру басқармасының ресми сайтына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының басшылары колледждер кітапханаларының жұмыскерлерінің қатысуын қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы А.С. Байжумановаға жүктелсін.

Негіздеме: Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің 2017 ж. 2 мамырдағы № 3-13-5/1400-И хаты.

Басқарма басшысы



Б. Бексеитова

Таныстырылды

Байжуманова Айгүл Салбаевна
(күні, қолы)

004875

**«Үздік колледж кітапханасы»
конкурсы туралы Ереже**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже «Үздік колледж кітапханасы» аймақтық конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) ұйымдастыру мақсаттарын, міндеттері мен тәртібін, Конкурсты өткізу шарттарын, оның қатысушыларына қойылатын талаптарды, қатысушылардың конкурстық материалдарын бағалау критерийлерін, қорытындыларын шығару және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін белгілейді.

1.2. Конкурс техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі - Колледж) кітапханалары жұмыскерлерінің кәсіби-шығармашылық әлеуетін барынша жандандыруға және күнделікті қызметінде тиімді пайдалануға бағытталған.

1.3. Конкурстың мақсаты:

- колледж кітапханасының заманауи моделін қалыптастыру;
- кітапхана, ақпарат-библиографиялық қызмет көрсету тәсілдері арқылы колледждің білім беру және тәрбиелеу процестерін қамтамасыз етуде кітапхананың рөлін арттыру;
- «Мәңгілік ел» Жалпыұлттық патриоттық идеясы рухани-имандылық құндылықтары қалыптастыру, патриоттық тәрбие беру, қазақстандық біртектілік пен бірлікті нығайту жөніндегі колледждер кітапханаларының шығармашылық бастамаларын дамыту;
- кітапхана жұмысының инновациялық нысандарын енгізу жөніндегі колледждер кітапханаларының қызметін қолдау және ынталандыру;
- колледждер кітапханаларының жұмыскерлерінің кәсіби шеберлігін арттыруға ықпал ету;
- колледждер кітапханаларының қоғамдық мәртебесі мен кітапхана кәсібінің маңызын арттыру.

1.4. Конкурстың міндеттері:

- колледждер кітапханаларының инновациялық ақпарат және коммуникациялық технологиялар негізінде сапалы ақпарат қызметтерін жедел және тиімді енгізу және ұсыну жөніндегі жұмысын жетілдіру;
- колледждердің білім алушылардың рухани-имандылық дамуына және олардың оқуға ынтасының дамуына белсенді ықпал ететін үздік кітапханашыларын анықтау;
- колледждер кітапханашыларының шығармашылық, іскерлік белсенділігін ынталандыру және кәсіби шеберлігін шыңдау;

- колледждер кітапханаларының инновациялық жұмыс әдістерін зерделеу, қорыту және тарату.

1.5. Конкурстың ұйымдастырушысы Павлодар облысының білім беру басқармасы болып табылады (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті).

2 тарау. Конкурсты ұйымдастыру

2.1. Аймақтық конкурстың айналымдары:

1 айналым:

- ТЖКБ ұйымдары **2017 жылғы 22-30 маусым** аралығында өтінімді және конкурс материалдарын ұсынады;

- **2017 жылғы 11 маусымда** – конкурс қазылар алқасының отырысы және қорытындыларын шығару;

- тамыз айындағы кітапхана қызметкерлерінің облыстық оқу-әдістемелік бірлестігінде – Конкурстың жеңімпаздарын марапаттау.

2.2. Ұйымдастыру комитеті тиісті деңгейлерде бұқаралық ақпарат құралдарында Конкурс туралы ақпарат таратады, конкурстық шығармашылық материалдарды беру мерзімін және Конкурстың өткізілетін күнін белгілейді, қазылар алқасының жұмысын қамтамасыз етеді. Конкурсқа қатысушыларды марапаттау түрі мен тәртібін айқындайды.

2.3. Облыстық айналымда I орын алған Конкурстың жеңімпаздары Конкурстың республикалық айналымының қатысушылары болады.

3. Конкурсты өткізу шарттары Қатысушыларға қойылатын талаптар

3.1. Конкурс меншік түрлеріне қарамастан өзінің кәсіби қызметінде елеулі жетістіктерге жеткен колледждер кітапханалары арасында өткізіледі.

3.2. Конкурс «Қаладағы үздік колледж кітапханасы» және «Ауылдағы үздік колледж кітапханасы» аталым бойынша өткізіледі.

3.3. Конкурстың өңірлік айналымына қатысуға үміткерлер ұсыну колледждердің педагогикалық кеңестерінің жалпы жиналысында ұсыну арқылы іске асырылады. Кітапхана ұжымының немесе кітапханашының Конкурсқа қатысуға ұсынуға келісімі міндетті.

3.4. Конкурсқа қатысуға үміткерлер облыстық айналымның ұйымдастыру комитетіне бір данамен қазақ және орыс тілдерінде әзірленген мынадай конкурстық материалдарды табыстайды:

- кітапхананың Конкурсқа қатысуына өтінім;

- білім беру ұйымының басшысы куәландырған колледж педагогикалық кеңесінің жиналысы хаттамасының үзінді шешімі;

- колледж басшысы куәландырған және кітапхана, оның қызметі туралы мәліметтер қамтылған, көлемі 5-7 баспа парақтан аспайтын ақпараттық анықтама, беттері нөмірленуі тиіс;

- дыбысы міндетті қатар жүретін және көрсету ұзақтығы экран уақытының 10 минутынан аспайтын CD-ROM-дағы кітапхана жұмысын иллюстрациялайтын электрондық таныстырылым немесе бейнеролик.

3.5. Ақпараттық анықтама еркін нысанда әзірленеді, мыналарды қамтуы тиіс:

- Титул парағы. Титул парағында білім беру ұйымының толық ресми атауы, колледж басшысы мен Конкурсқа қатысушы кітапханашының тегі, аты, әкесінің аты, оның лауазымы, Конкурстың аталымының атауы, колледждің почталық мекен-жайы, байланыс телефоны, электрондық адресі (E-mail).

- Негізгі мәтіні.

3.6. Ақпараттық анықтаманың мәтіні, кітапхананың қызметі мен оның жетістіктері туралы ақпараттан бөлек мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

- колледж (құрылған күні, мамандықтардың атауы, педагогтер мен білім алушылардың саны) туралы;

- кітапхананың кадрлар құрамы – штаты, кітапхананың барлық жұмыскерлерінің тегі, аты, әкесінің аты (толығымен), олардың лауазымы, білімі, кітапхана жұмысының жалпы өтілі, соның ішінде осы колледждің кітапханасында;

- кітапхананың құрылымы туралы мәліметтер;

- кітапхана үй-жайының сипаттамасы – жалпы ауданы, соның ішінде кітап қоймасының ауданы, абонементтің, оқу залының, медиатеканың жеке үй-жайының бар болуы, кітапханадағы отыратын орындардың жалпы саны;

- кітапхана қызметіне ақпарат технологияларын енгізуді және пайдалануды қамтамасыз ететін кітапхананың материалдық-техникалық базасының жай-күйі – ұйымдық техниканың, Интернет желісіне қатынаудың, колледждің web-сайтында кітапхананың web-парағының бар болуы;

- 2016-2017 оқу жылындағы кітапхана қызметінің бақылау сандық көрсеткіштері: кітапхананың пайдаланушылары саны; кітапхана қорының сипаттамасы (кітапхана қорының жалпы көлемі, соның ішінде салалық және оқу әдебиеті және т.т.), электрондық басылымдардың бар болуы, жаздырып алынған мерзімді басылымдардың саны, жаңа әдебиеттердің түсімі, осы кітапхананың жиынтық қорына шаққанда жаңа әдебиеттің пайызы);

- 2016-2017 оқу жылындағы кітапхана жұмысының сапалық көрсеткіштері: келім, оқылым, айналымдылық, кітаппен қамсыздандырылу.

- кітапхана жұмысы тәжірибесінің сипаттамасы, соның ішінде кітапхана қызметінің мақсаты мен міндеттері, оларды іске асыру; инновациялық ақпараттық технологияларды енгізу; пайдаланушыларға кітапхана қызметін көрсету; ақпарат мәдениетін қалыптастыру жөніндегі жұмыс; кітапханалармен, жұртшылықпен және басқа да серіктестермен өзара әрекеттестік; кітапхананың даму перспективалары.

- конкурстық материалдар топтамасы А-4 пішінді қағазға басылған, Times New Roman қарпімен терілген, 14 өлшеммен 1,5 қатар аралық интервалмен, жиегі: сол жақ шеті – 3 см, оң жақ шеті – 1,5 см, үсті - 2 см, асты – 1,5 см файл папкаларымен болуы шарт.

3.7. Конкурстық материалдардан бөлек, Конкурсқа қатысушылар кітапхананың жұмыс сапасын, кітапханалық қоғамдастықтың өміріне белсене қатысатынын айғақтайтын қосымша материалдарды: авторлық әдістемелік

зерттемелерді, көрсеткіштерді, баспасөздегі жарияланымдарды, оқырмандар пікірлерін, сауалнамалар нәтижелерін және басқаларды ұсына алады.

3.8. Конкурстың қазылар алқасы мына жағдайда конкурстық материалдарды қарамайды:

- егер ресімделуі талаптарға сәйкес келмеген;
- материалдар топтамасы толық табысталмаған;
- қате ақпаратты табысталған;
- факспен немесе электрондық почтамен түскен түсімдер;
- белгіленген мерзімнен кеш түскен.

3.9. Конкурстық материалдар рецензияланбайды, өңделмейді және қайтарылмайды.

3.10. Ұйымдастыру комитетіне конкурстық материалдарды қоғамдық пайдалану, көрмелерді ұйымдастыру, әдістемелік құралдарды басып шығару, сондай-ақ сайтқа орналастыру құқығы беріледі.

3.11. Колледждер кітапханаларының конкурстық материалдарын конкурстың қазылар алқасы мүшелері қарайды және критерийлерге сай бағалайды.

3.12. Конкурстың әрбір аталымы қатысушыларының конкурстық материалдарын бағалаудың критерийлері мыналар болып табылады:

1) Кітапхананың қызметі:

- кітапхананың заманауи, жеке бейнесін құру;
- пайдаланушыларға жайлы жағдайлар туғызу, заманауи жиһазбен және техникалық жабдықтармен жарақтандыру;
- жұмыстың жаңа нысандары мен әдістерін енгізу;
- инновациялық ақпарат технологияларын пайдалану;
- пайдаланушылармен көпшілік кітапхана жұмысының белсенді және интерактивтік нысандары мен әдістерін пайдалану;

- «Мәңгілік Ел» Жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-имандылық құндылықтарын қалыптастыру, патриоттық тәрбиелеу, қазақстандық біртектілік пен бірлікті нығайту, жұмысшы біліктіліктерінің беделін арттыру, еңбек адамының бейнесін насихаттау, оқуды насихаттау және ілгерілету, ақпарат мәдениетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі кітапхананың тиімді және сапалы жұмысы;

- кітапхананың баспа және жарнамалық қызметі;

- кітапхананың колледждің педагогикалық ұжымымен өзара әрекеттестігін үйлестіру;

- әлеуметтік серіктестікті дамыту және нығайту, кітапханалар қоғамдастығының қызметіне белсене қатысу.

2) Конкурстық материалдарды ресімдеу:

- сапасы, көркем және техникалық ұсыну деңгейі;
- кітапхана қызметін ашып көрсетудің толықтығы;
- ұсынудың төлтумалылығы, стандартты емес нысандары;
- жұмысты ресімдеудің талаптарға сәйкестігі;
- орфографиялық режимді сақтау.

3.13. Конкурсқа қатысу үшін Конкурстық материалдар топтамасы Павлодар облысының білім беру басқармасына жолданады.

3.14. Конкурстың ұйымдастыру комитеті 2017 жылдың маусым-шілде айларында Конкурстың I айналымын өткізеді және конкурстық материалдарды бағалау критерийлерін ескеріп, колледждер кітапханалары арасынан екі аталымның жеңімпаздарын анықтайды.

3.15. Конкурстың өңірлік ұйымдастыру комитеті 2017 жылдың I тамызына дейін II республикалық айналымға қатысу үшін Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханаға әр аталымда бірінші орын алған жеңімпазға мынадай материалдар табыс етеді:

- облыс білім беру басқармасының басшысы куәландырған Конкурстық I өңірлік айналымының қазылар алқасының хаттамасының үзінді шешімін;
- 2) жеңімпаздардың конкурстық материалдарының көшірмелерін.

4. Конкурстың қорытындыларын шығару және қатысушыларды марапаттау

4.1. Конкурсқа қатысушылардың конкурстық материалдарын құзырлы қазылар алқасы бағалайды. Оның құрамына білім беру, кітапхана ісінің білікті мамандары, қоғамдық ұйымдардың өкілдері енеді.

4.2. Қазылар алқасы Конкурсқа ұсынылған конкурстық материалдарды қабылдайды, қарайды және жеңімпаздарды анықтайды.

4.3. Қазылар алқасы Конкурс қатысушыларының жұмыстарын критерийлермен 10 балдық жүйе бойынша 3.12 тармаққа сәйкес бағалайды. Балдар жинақталады. Ең көп балл жинаған Конкурс қатысушылары Конкурстың жеңімпаздары болып табылады.

4.4. Қазылар алқасының шешімі тиісті хаттамамен ресімделеді.

4.5. Конкурс жеңімпаздары келесі номинациялар бойынша анықталады:

- «Қаладағы үздік колледж кітапханасы» (жоғары кәсіби деңгейлігі, құзыреттілігі, кітапхана жұмысында инновацияларды дамыту);
- «Ауылдағы үздік колледж кітапханасы» (жоғары кәсіби деңгейлігі, құзыреттілігі, кітапхана жұмысында инновацияларды дамыту);

4.6. Ұйымдастыру комитетімен келісіліп қазылар алқасының шешімі бойынша қосымша номинациялар болуы мүмкін.

4.7. Конкурстың барлық қатысушылары «Қатысушы сертификатын» алады. Әр номинация бойынша облыс білім беру басқармасының Дипломдарымен марапатталады.

№358 от 19.06.17

О проведении регионального конкурса «Лучшая библиотека колледжа»

В целях усиления роли библиотеки организаций технического и профессионального образования в повышении профессиональной подготовки студентов, в обеспечении повышения профессионального уровня педагогов, качества воспитательной работы **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Провести конкурс «Лучшая библиотека колледжа» среди библиотек организаций технического и профессионального образования области в период с 30 июня по 11 июля 2017 года.

2. Утвердить положение о региональном конкурсе (приложение 1).

3. Учебно-методическому кабинету (Калиева А.Ж.) организовать работу жюри, обеспечить информирование об итогах областного конкурса на официальном сайте управления образования, в средствах массовой информации.

4. Руководителям учебных заведений технического и профессионального образования обеспечить участие в конкурсе работников библиотек.

5. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на руководителя отдела технического и профессионального образования Байжуманову А.С.

Основание: Письмо министерства образования и науки Республики Казахстан № 3-13-5/1400-И от 2 мая 2017 года.

Руководитель управления



Б. Бексеитова

Ознакомлен

Байжуманова Айгүл Сембаевна Байжуманова

(дата, подпись)

**Положение о конкурсе
«Лучшая библиотека колледжа»**

1. Общие положения

1.1. Настоящее положение определяет цели, задачи, порядок организации, условия проведения регионального конкурса «Лучшая библиотека колледжа» (далее – Конкурс), требования к его участникам, критерии оценки участников, порядок подведения итогов и награждения победителей.

1.2. Конкурс направлен на максимальную активизацию и эффективное использование в повседневной деятельности профессионально-творческого потенциала работников библиотек организаций технического и профессионального, послесреднего образования (далее – Колледж).

1.3. Цель Конкурса:

- формирование современной модели библиотеки колледжа;
- повышение роли библиотек в обеспечении образовательного и воспитательного процессов колледжа средствами библиотечного, информационно-библиографического обслуживания;
- развитие творческих инициатив библиотек колледжей по формированию духовно-нравственных ценностей Общенациональной патриотической идеи «Мәңгілік Ел», патриотическому воспитанию, укреплению казахстанской идентичности и единства;
- поддержка и стимулирование деятельности библиотек колледжей по внедрению инновационных форм библиотечной работы;
- содействие росту профессионального мастерства работников библиотек колледжей;
- повышение общественного статуса библиотек колледжей и значимости библиотечной профессии.

1.4. Задачи Конкурса:

- совершенствование работы библиотек колледжей по оперативному и эффективному внедрению и предоставлению качественных информационных услуг на основе инновационных информационных и коммуникационных технологий;
- выявление лучших библиотекарей колледжей активно содействующих духовно-нравственному развитию обучающихся и развитию их интереса к чтению;
- стимулирование творческой, деловой активности и повышения профессионального мастерства библиотекарей колледжей;

- изучение, обобщение и распространение инновационных методов работы библиотек колледжей.

1.5. Организатором конкурса является Управление образования Павлодарской области (далее Оргкомитет).

2. Организация Конкурса

2.1. Этапы проведения Конкурса:

- прием заявок и конкурсных материалов – с 22 по 30 июня 2017 года
- заседание конкурсного жюри и подведение итогов – 11 июля 2017 года

- награждение – на августовском заседании областного методического объединения библиотекарей колледжей.

2.2. Оргкомитет осуществляет распространение информации о Конкурсе в средствах массовой информации, определяет срок подачи конкурсных творческих материалов, дату проведения Конкурса, обеспечивает работу жюри, определяет форму и порядок награждения участников Конкурса.

2.4. Победители областного тура Конкурса, занявшие I место в каждой номинации, становятся участниками республиканского тура Конкурса.

3. Требования к участникам. Условия прохождения Конкурса

3.1. Конкурс проводится среди библиотек колледжей, независимо от форм собственности, достигших значительных успехов в своей профессиональной деятельности.

3.2. Конкурс проводится по номинациям «Лучшая библиотека колледжа в городе» и «Лучшая библиотека колледжа на селе».

3.3. Выдвижение кандидатов на участие в областном туре Конкурса осуществляется посредством выдвижения на общем собрании педагогических советов колледжей. Согласие коллектива библиотеки или библиотекаря на выдвижение для участия в Конкурсе обязательно.

3.4. Претенденты на участие в Конкурсе предоставляют в оргкомитет областного тура в одном экземпляре пакет следующих конкурсных материалов, подготовленных на казахском или русском языках:

- заявку на участие библиотеки в Конкурсе (в виде сопроводительного письма);

- выписку-решение из протокола собрания педагогического совета колледжа, заверенного руководителем организации образования;

- информационную справку, заверенную руководителем колледжа и содержащую сведения о библиотеке, ее деятельности, объемом не более 5-7 печатных листов, страницы должны быть пронумерованы;

- электронную презентацию или видеоролик, иллюстрирующего работу библиотеки с обязательным звуковым сопровождением и

продолжительностью демонстрации не более 10 минут экранного времени на CD-ROM.

3.5. Информационная справка составляется в свободной форме и должна содержать:

- Титульный лист. На титульном листе указать: полное официальное наименование организации образования, фамилию, имя, отчество руководителя колледжа и библиотекаря - участника Конкурса, его должность, название номинации Конкурса, почтовый адрес колледжа, контактный телефон, электронный адрес (E-mail).

- Основной текст.

3.6. Текст информационной справки, помимо информации о деятельности библиотеки и ее достижениях должен содержать следующие сведения:

- о колледже (дата основания, наименования специальностей, количество педагогов и обучающихся);

- о кадровом составе библиотеки - штат, фамилии, имя, отчество (полностью) всех работников библиотеки, их должность, образование, общий стаж библиотечной работы, в том числе в библиотеке данного колледжа;

- сведения о структуре библиотеки;

- описание помещения библиотеки - общая площадь, в том числе площадь книгохранения, наличие отдельного помещения абонемента, читального зала, медиатеки, общее количество посадочных мест в библиотеке;

- состояние материально-технической базы библиотеки, обеспечивающей внедрение и использование информационных технологий в деятельности библиотеки - наличие оргтехники, доступа к сети Интернет, web-страницы библиотеки на web-сайте колледжа;

- контрольные количественные показатели деятельности библиотеки за 2016-2017 учебный год: количество пользователей библиотеки; характеристика фонда библиотеки (общий объем библиотечного фонда, в том числе отраслевой и учебной литературы и т.д.), наличие электронных изданий, количество выписанных наименований периодических изданий, поступление новой литературы, процент новой литературы от совокупного фонда данной библиотеки);

- качественные показатели работы библиотеки за 2016-2017 учебный год, в том числе посещаемость, читаемость, обращаемость, книгообеспеченность.

- описание опыта работы библиотеки, в том числе цель и задачи деятельности библиотеки, их реализация; внедрение инновационных информационных технологий; библиотечное обслуживание пользователей; работа по формированию информационной культуры; взаимодействие с библиотеками, общественностью и другими партнерами; перспективы развития библиотеки.

- пакет конкурсных материалов должен быть файловых папках, напечатанного на бумаге формата А-4, набранного шрифтом Times New

Roman, размер 14 через 1,5 межстрочного интервала, поля: по левому краю - 3 см, по правому краю - 1,5 см., сверху - 2 см., снизу - 1,5 см.:

3.7. Помимо конкурсных материалов, участники Конкурса могут представить дополнительные материалы, свидетельствующие о качестве работы библиотеки, активном участии в жизни библиотечного сообщества: авторские методические разработки, указатели, публикаций в печати, отзывы читателей, результаты опросов и другие.

3.8. Жюри Конкурса не рассматривает конкурсные материалы в случае:

- если оформление не соответствует требованиям;
- представления неполного пакета материалов;
- представления недостоверной информации;
- поступления по факсу или электронной почте;
- поступления позже установленного срока.

3.9. Конкурсные материалы не рецензируются, не редактируются и не возвращаются.

3.10. Оргкомитету предоставляется право на общественное использование конкурсных материалов, организацию выставок, издание методических пособий, а также размещение на сайте.

3.11. Конкурсные материалы библиотек колледжей рассматриваются членами конкурсного жюри и оцениваются согласно критериям.

3.12. Критериями оценки конкурсных материалов участников каждой номинации Конкурса являются:

1) Деятельность библиотеки:

- создание современного, индивидуального образа библиотеки;
- создание комфортных условий для пользователей, оснащение современной мебелью и техническим оборудованием;
- внедрение новых форм и методов работы;
- использование инновационных информационных технологий;
- использование активных и интерактивных форм и методов массовой библиотечной работы с пользователями;

- эффективная и качественная работа библиотеки по формированию духовно-нравственных ценностей Общенациональной патриотической идеи «Мәңгілік Ел», патриотическому воспитанию, укреплению казахстанской идентичности и единства, по повышению престижа рабочих квалификаций, пропаганде образа человека труда, по популяризации и продвижению чтения, формированию и развитию информационной культуры;

- издательская и рекламная деятельность библиотеки;
- координация взаимодействия библиотеки с педагогическим коллективом колледжа;

- развитие и укрепление социального партнерства, активное участие в деятельности библиотечного сообщества.

2) Оформление конкурсных материалов:

- качество, художественный и технический уровень представления;
- полнота раскрытия деятельности библиотеки;
- оригинальность, нестандартные формы представления;
- соответствие оформления работы требованиям;

- соблюдение орфографического режима.

3.13. Для участия в Конкурсе пакет конкурсных материалов направляется в управление образования Павлодарской области.

3.14. Региональный оргкомитет Конкурса проводит в июне – июле 2017 года I тур Конкурса и с учетом критериев оценки конкурсных материалов определяет среди библиотек колледжей победителей в двух номинациях.

3.15. Региональный оргкомитет Конкурса до 1 августа 2017 года для участия во II республиканском туре представляет в Республиканскую научно-педагогическую библиотеку на победителя, занявшего первое место в каждой номинации, следующие материалы:

- выписку-решение из протокола жюри областного тура Конкурса, заверенная руководителем управления образования Павлодарской области;
- копии конкурсных материалов победителей.

4. Подведения итогов и награждение

4.1. Оценку материалов участников Конкурса осуществляет компетентное жюри, в состав которого входят квалифицированные специалисты образования, библиотечного дела, представители общественных и творческих организаций.

4.2. Жюри принимает и рассматривает творческие материалы, представленные на Конкурс и определяет победителей.

4.3. Жюри осуществляет оценку работ по 10-бальной системе по критериям, согласно пункту 3.12. баллы суммируются. Участники Конкурса, набравшие максимальное количество баллов, являются победителями Конкурса.

4.4. Решение жюри оформляется соответствующим протоколом.

4.5. Победители Конкурса определяются по следующим номинациям:

- «Лучшая библиотека колледжа в городе» (за высокий уровень профессионализма, компетентность, развитие инноваций в библиотечной работе);

- «Лучшая библиотека колледжа на селе» (за высокий уровень профессионализма, компетентность, развитие инноваций в библиотечной работе).

4.6. По решению жюри и согласованию с Организационным комитетом возможны дополнительные номинации.

4.7. Все участники Конкурса получают «Сертификат участника». Победители по каждой номинации Конкурса награждаются дипломами управления образования Павлодарской области.